| | | |
|---|---|---|
| Бекітемін: | «Келісілді» | «Қаралды» |
| Мектеп директоры: | Оқу ісінің меңгерушісі: | Бірілстік жетекшісі: |
| Н.Рахметуллина ______ | ______ Ж.Муханбетжанова | ______А.Сагинова |
| «  »қыркүйек 2020ж | «31» қыркүйек 2020ж | «20»тамыз2020ж |

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР бойынша ортаңғы тобының перспективалық жоспары

**2020-2021 оқу жылы**

**Қыркүйек айы 2020 жыл**

**Ересек тобы**

Өтпелі тақырып: **«БАЛАБАҚША»**

**Мақсаты:**Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану негізінде балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын, танымдық ой-өрістерін, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын және жеке тұлғаның әлеуметтік білім, біліктерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Қимыл әрекеттерін ұйымдастырудың түрлі нысандарында қимылдарды дұрыс орындау, негізгі қимыл түрлерін және денсаулықты сақтау негіздерін жетілдіру;
2. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
3. Сенсорлық қабілеттерін, танымдық қызғушылықтары мен шығармашылық қиялдарын жетілдіру;
4.Сезімдік қасиеттері,эстетикалық талғамдары және бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін кеңейту.
5.Отансүйгіштік сезімдерін кеңейту және өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту.

| **1-АПТА** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Орыс тілі (0,5)<br>Сиқырлы суретші<br>(вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде»<br>(вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1)<br>Құрастыру (0,5) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1,5)<br>Сурет салу (1)<br>Аппликация (0,5) | **«Әлеумет-0,5»** |
| **Дене шынықтыру**<br>**1.Секіру. Тепе-теңдікті сақтау.** (далада)<br>Бір орында тұрып секіруді үйрету. Сызық бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.<br><br>**2.Жүру. Жүгіру.**<br>Сапта бір-бірлеп жүруге үйрету.Сапта бір-бірлеп | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Менің балабақшам.**<br>**Мақсаты:**Балабақша, топ туралы қысқаша әңгіме құрастыру. Топтағы заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру.Балалардың бойында балабақшаға сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Біздің бақшада»**<br>**Мақсаты:**Әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Балабақша ауласындағы ағаштар.**<br>**Мақсаты:**Қайың, терек | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Балабақша шарбақтары.**<br>**Мақсаты:**Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Қарындаштармен сурет салудың техникасын жетілдіру. Бірлескен әрекетке қызығушылықты | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жүтіруге үйрету.<br>**3.Домалату.**<br>Заттар арасымен доптарды домалатуға үйрету. | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Тәрбиеші (Ф.Оңғарсынова)**<br>**Мақсаты:**Мәнерлеп оқу. Тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету.<br>**Орыс тілі** | ағашымен таныстыруды жалғастыру. Адамгершілікке, мейірімділікке баулу. Балаларды туған жерінің табиғатын қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Кітап сөресін кітапшамен толтырамыз**<br>**Мақсаты:**Қағаздың тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және тараптарды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. Кітапшаның сыртын әшекейлеу. | **Аппликация**<br>**Тақырыбы:Балабақша шарбақтары.**<br>**Мақсаты:**Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.<br>**Музыка** | |

| 2-АПТА | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>«Сиқырлы суретші» (вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде» (вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1,5)<br>Сурет салу (1)<br>Мүсіндеу (0,5) | **«Әлеумет»**<br>Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) |
| **Дене шынықтыру**<br><br>**Секіру. Велосипед тебу. (далада)**<br>1.Екі аяқпен (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып 10 рет секіру) секіруге үйрету. Үш дөңгелекті велосипед тебу.<br><br>**2.Еңбектеу.**<br>8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеуге үйрету<br><br>**3.Жүгіру. Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Бір қалыпты, аяқтың ұшымен жүгіруге үйрету. Сызықтар арасымен (15см арақашықтық) тепе- | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Балабақшадағы менің достарым**<br>**Мақсаты:**Балабақшадағы, өз тобындағы достары туралы әңгімелеп айтып беру. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін қалыптастыру. Балалардың бойында балаларға деген сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Бір жарым дос (ертегі)**<br>**Мақсаты:**Ертегі желісін ретімен орындауға, түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алуға үйрету. Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Шеңбер және төртбұрыш, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді ажырату және дұрыс атай білуін жетілдіру.<br>**Мақсаты:**Бір көп, бір және екі, екі және үш көлеміндегі заттарды салыстыру. Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету. Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Аквариумдағы балықтар**<br>**Мақсаты:**Табиғат бұрышын мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Табиғатқа, тіршілік иелеріне | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Біздің сүйікті балабақшамыз**<br>**Мақсаты:**Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Бояулармен сурет салудың техникасын жетілдіру. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:Тәрбиеші апайға сыйлық.**<br>**Мақсаты:**Түрлі пішіндегі таныс заттарды, ойыншықтарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша бейнелі ойыншықтарды, | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:Балабақша**<br>**Мақсаты:**Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері, балабақша, мектеп, ересектердің еңбектері туралы білімдерін жетілдіру. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| теңдікті сақтап жүруге үйрету. | | қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | заттарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Ермексаздың, кесектерінен мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **Музыка** **Музыка** | |

| 3-АПТА | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Орыс тілі (0,5)<br>«Сиқырлы суретші» (вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде» (вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1)<br>Құрастыру (0,5) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1)<br>Сурет салу (1)<br>Аппликация (0,5) | **«Әлеумет»** |
| **Дене шынықтыру**<br><br>**1.Секіру. Велосипед тебу. (далада)**<br>2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіруге үйрету. Екі дөңгелекті велосипед тебу.<br><br>**2.Еңбектеу.**<br>**Кегль ойындары.**<br>Тақтайда, орындықта көлденеңінен еңбектеуге үйрету. Кегль ойынын ойнату арқылы бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыруға үйрету.<br><br>**3.Жүру, жүгіру. Еңбектеу.**<br>Жүруді жүгірумен кезектестіре жүруге үйрету Тақтайда, орындықта көлденеңінен еңбектеуге бекіту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Біздің топтың бөлмелері**<br>**Мақсаты:**Сөздерді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. Суретке қарап әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту. Сөздік қорын жалпылаушы (ойыншықтар, ыдыс, жиһаз) мағыналы сөздермен байыту. Әдептілікке тәрбиелеу<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Ойыншықтар достығы (Т.Благовещенская)**<br>**Мақсаты:**Ертегінің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, кейіпкерлердің | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:3 көлемінде санау.**<br>**Мақсаты:**Заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды тәртібі бойынша атауға үйрету. Бір, екі және үш көлеміндегі заттарды салыстыру. Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Шеңбер және төртбұрыш, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы іздену, зерттеу қызығушылығын дамыту.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Бөлме өсімдігі Агава.**<br>**Мақсаты:**Балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Менің тобымдағы ойыншықтар**<br>**Мақсаты:**Өзіне ұнаған ойыншықтардың суретін бейнелеу. Қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы:Қонжыққа арналған пирамида**<br>**Мақсаты:**Тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге үйрету.<br>**Музыка** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мінезін сипаттауға үйрету. Басты кейіпкер бауырсақтың өлеңін жаттап мәнерлеп оқу. | байыту. Агава өсімдігін танып, атай білу дағдыларын бекіту. Өсімдіктің бөліктерін атай білу. Жаз мезгілінде өсімдіктердің тіршілігі туралы білімін жетілдіру.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Менің балабақшам**<br>**Мақсаты:**Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру арқылы балабақшаны құрастыруды жетілдіру. Құрылыс материалдарын пішіндері мен түстеріне сәйкес дұрыс таңдап, пайдалануға үйрету. Құрылыс материалдарының негізгі бөліктерін, олардың бөлшектерін атауға үйрету, оларды көлемі, түсі бойынша ажырата білуге баулу. | | |

| 4-АПТА | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>«Сиқырлы суретші» (вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде» (вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1,5)<br>Сурет салу (1)<br>Мүсіндеу (0,5) | **«Әлеумет»**<br>Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) |
| **1.Тепе-теңдікті сақтау.**<br>**Велосипед тебу. (далада)**<br>Арқанмен тепе-теңдікті сақтай отырып жүруге үйрету. Велосипед. тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау.<br><br>**2..Лақтыру, қағып алу.**<br>Арқанмен тепе-теңдікті сақтай отырып жүруге бекіту<br>Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуға үйрету (1,5 м қашықтықта)<br><br>**3.Еңбектеу.**<br>**Кегль ойындары.**<br>Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеуге үйрету. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіруге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Балабақша ауласында**<br>**Мақсаты:**Суретке қарап әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Бауырсақ**<br>**Мақсаты:**Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалау . дағдыларын дамыту. Кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру.<br>**Орыс тілі** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**4 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру.<br>**Мақсаты:**Сандарды тәртібі бойынша атауға үйрету. Үш және төрт көлеміндегі заттарды салыстыру. Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйретуді жалғастыру. Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Шеңбер және төртбұрыш, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы іздену, зерттеу қызығушылығын дамыту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Клумбадағы гүлдер.**<br>**Мақсаты:**Балабақша ауласындағы гүлдер туралы қарапайым түсініктерін кеңейту. Дөңгелек пішінді заттарды салуды үйретуді жалғастыру. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:Балабақшадағы спорт құралдары (гантель, доп т.б)**<br>**Мақсаты:**Спорт құралдары туралы түсінік беру. Түрлі | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:**Қалтауыз табиғат бұрышын мекендеуші қалтауызбен таныстыра отырып онымен қоректенетіні, тамақтандыру реті туралы түсінік беру.<br>**Мақсаты**:Табиғат бұрышын мекендеуші жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау және күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру. Тірі табиғат бұрышындағы еңбек түрлерін атқару барысында |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Бөлме өсімдігі хош иісті қазтамақ.**<br>**Мақсаты:** Бөлме өсімдігі қазтамақты танып, атауға үйрету. Өсімдіктердің адамдардың күтімі және табиғаттың өзінің күтімі нәтижесінде өсіп жетілетіндігі туралы түсініктерін кеңейту. | пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін, пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеуді үйрету.<br>**Музыка** | құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнату белсенділіктерін қолдау. |

**ҚАЗАН АЙЫ 2020 жыл**

Өтпелі тақырып: **«МЕНІҢ ОТБАСЫМ»**

**Мақсаты:** инновациялық технологиялар негізінде балалардың отбасы туралы білім, білік, дағдыларын дамыту. Отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас пен оларға деген сүйіспеншілік сезімдерін жетілдіру.

**Міндеттері:**

1. Денаулық сақтау технологияларын қолдана отырып салауатты өмір салтын ұстану, дене шынықтыру жаттығуларын орындау қызығушылықтарын арттыру;
2. Отбасы, отбасындағы тұрмыс және халықтық дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейте отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;
3. Танымдық-конструктивтік ойлау дағдыларын жан-жақты қалыптастыру;
4. Қоршаған ортадағы әсемдікті сезіне отырып, өз ойларын айта білуге, қиялдарын дамытуға ықпал жасау;
5. Отбасындағы салт-дәстүрлерді құрметтей отырып, рухани адамгершілік құндылықтарға баулу.

| **1-АПТА** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Орыс тілі (0,5)<br>«Сиқырлы суретші» (вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде» (вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1)<br>Құрастыру (0,5) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1)<br>Сурет салу (1)<br>Аппликация (0,5) | **«Әлеумет»** |
| **Дене шынықтыру**<br><br>**1.Секіру. Жүзуге дайындық. (далада)**<br>Бір орында оңға, солға бұрылып секіруге үйрету. Суда жүзуді үйрету (суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп, қимылдар орындау. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Менің отбасым**<br>**Мақсаты:**«Менің отбасым» тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру дағдыларын жетілдіру. Отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі туралы әңгімелесу.Балалардың сөздік қорын отбасын мүшелерінің мамандықтарының | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**4-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту.<br>**Мақсаты:**Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру дағдыларын қалыптастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Атамның тақиясы** (қазақ ою-өрнектерін жолақша мен дөңгелекке салу). (Сәндік сурет).<br>**Мақсаты:** Қазақтың ұлттық бас киімі тақияны «құс қанаты» ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Элементтердің реттілігін, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **2.Сапқа тұру. Секіру.**<br>Сапқа тұруға, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға үйрету. Бір орында оңға, солға бұрылып секіруге бекіту.<br>**3. Жүгіру. Сапқа тұру.**<br>Тізені жоғары көтеріп жүгіруге үйрету. Сапқа тұруға, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұруға бекіту. | атауларымен байыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Ұшқан ұя** (Б.Момышұлы)<br>**Мақсаты**:Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру.<br>**Орыс тілі** | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Үй жануарлары қой, ешкі**<br>**Мақсаты:**Үй жануарлары олардың сыртқы келбеті, қозғалу және коректену тәсілдері туралы білімдерін кеңейту. Үй жануарларының сыртқы белгілері мен қылықтары туралы білімді бекіту.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Бір және көп қабатты үйлер.**<br>**Мақсаты:**Үлгі бойынша ірі және ұсақ құрылыс материалын таңдай отырып бір және көп қабатты үйлер құрастыра білуге үйрету. Орналастыру тәсілдерін дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру. | олардың арасындағы қашықтықты сақтау.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы:Үй**.<br>**Мақсаты:**Қысқа және ұзын жолақтардан тіктөртбұрыш пен шаршыны қиюды үйрету. Төртбұрыш, шаршылармен үйдің қабырғасын, үшбұрышпен үйдің шатырын жасауға болатындығын түсіндіру. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді, техникалық қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіру.<br>**Музыка** | |

| 2-АПТА | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>«Сиқырлы суретші»<br>(вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде»<br>(вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1,5)<br>Сурет салу (1)<br>Мүсіндеу (0,5) | **«Әлеумет»**<br>Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) |
| **Дене шынықтыру**<br>**Секіру. Велосипед тебу. (далада)**<br>1.Екі аяқпен (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып 10 рет секіру) секіруге үйрету. Үш дөңгелекті велосипед тебу.<br><br>**2.Еңбектеу.**<br>8 м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеуге үйрету<br><br>**3.Жүгіру. Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Бір қалыпты, аяқтың ұшымен жүгіруге үйрету. Сызықтар арасымен (15см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Балабақшадағы менің достарым**<br>**Мақсаты:**Балабақшадағы, өз тобындағы достары туралы әңгімелеп айтып беру. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін қалыптастыру. Балалардың бойында балаларға деген сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Бір жарым дос (ертегі)**<br>**Мақсаты:**Ертегі желісін ретімен орындауға, түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алуға үйрету. Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Шеңбер және төртбұрыш, үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді ажырату және дұрыс атай білуін жетілдіру.<br>**Мақсаты:**Бір көп, бір және екі, екі және үш көлеміндегі заттарды салыстыру. Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету. Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Аквариумдағы балықтар**<br>**Мақсаты:**Табиғат бұрышын мекендеушілер туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым дербес тәжірибе іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Табиғатқа, тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Біздің сүйікті балабақшамыз**<br>**Тақырыбы:**Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.<br>**Мақсаты:**Бояулармен сурет салудың техникасын жетілдіру. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:Тәрбиеші апайға сыйлық**<br>**Мақсаты:**Түрлі пішіндегі таныс заттарды, ойыншықтарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша бейнелі ойыншықтарды, заттарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Ермексаздың, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | кесектерінен мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **Музыка** **Музыка** | |

| 3-АПТА | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Орыс тілі (0,5)<br>«Сиқырлы суретші» (вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде» (вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1)<br>Құрастыру (0,5) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1)<br>Сурет салу (1)<br>Аппликация (0,5) | **«Әлеумет»** |
| 1.**Секіру. Тепе-теңдікті сақтау.** (далада)<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып бөрене үстінен жүруге үйрету.) Баланың колын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өтуге үйрету.<br><br>**2.Жүгіру. Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Кіші және үлкен кадаммен жүгіруге үйрету Тактаймен тепе-теңдікті сақтай отырып жүруге үйрету.<br><br>**3.Секіру. Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Баланың колын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту. Тепе- | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Үйде және көшеде...**<br>**Мақсаты:**Сурет бойынша әңгіме жүргізу. Үйде тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру.Балалардың сөздік қорын заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен бірге қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Маша қалай үлкен болды (Е.Пермак)**<br>**Мақсаты:**Балаларды түрлі тақырыптағы шығармалармен таныстыруды жалғастыру, Әңгімелеп беру. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**Тура және кері бағытта 4 көлемінде санатып жаттықтыру.<br>**Мақсаты**:Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Ит және мысық.**<br>**Мақсаты**:Үй жануарларының (ит, мысық) сыртқы белгілері мен қылықтары туралы білімді бекіту. Сыртқы келбетіндегі ерекшеліктері туралы білімін нақтылау.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:Әкем, анам және мен**<br>**Мақсаты:**Қағаздан адамның бейнесін құрастыру. Қағаздың тікбұрышты | **СУРЕТ САЛУ**<br>**Тақырыбы:Әжемнің қамзолы**<br>**Мақсаты:**Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту. Қазақ оюларының бір түрі «құс тұмсықты» салуды үйрету. Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы:Әжем пісірген тәтті бауырсақ**<br>**Мақсаты:**Текшенің бұрыштарын қию арқылы дөңгелек пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| теңдікті сақтай отырып гимнастикалық орындық үстінен жүруге бекіту. | **Орыс тілі** | парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және тараптарды біріктіру. Басын және тағы басқа бөліктерін детальдің негізгі түріне желімдеу. | Желімді, сүлгіні қолдануды үйрету.<br><br>**Музыка** | |
| | | | | |

| 4-АПТА | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>«Сиқырлы суретші» (вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде» (вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1,5)<br>Сурет салу (1)<br>Мүсіндеу (0,5) | **«Әлеумет»**<br>Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) |
| **Дене шынықтыру**<br>**1.Сапқа тұру. Футбол. (далада)** Қатарға бір-бірден сапқа тұруға үйрету. Берілген бағытта допты домалату.<br><br>**2.Сапқа тұру. Домалату.** Қатарға бір-бірден сапқа тұруға бекіту Құрсауларды домалатуға үйрету.<br><br>3.**Тепе-теңдіктісақтау. Домалату** Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұруға үйрету. Құрсауларды домалатуға бекіту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Біздің отбасы** (А.Сопыбеков)<br>**Мақсаты:**Тақпақты түсініп, есте сақтай отырып жатқа айтуға үйрету. Ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Әке мен бала (Ы.Алтынсарин)**<br>**Мақсаты:**Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу, түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау дағдыларын қалыптастыру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру, оны адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру.<br>**Мақсаты:**Сандарды тәртібі бойынша атауға және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Су тіршілік көзі**<br>**Мақсаты:**Балаларды судың қасиетімен, құрамымен таныстыру (дәмі, түсі, иісі); судың тіршілік иесі үшін мәні, қажеттілігі туралы түсінігін кеңейту. Өлі табиғат туралы түсініктерін кеңейту. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Менің отбасым**<br>**Мақсаты:**Дайын қиылған қолдың (алақан) бейнесіне (саусақтарға) адамның басы мен бет-бейнесінің суретін салу. Дөңгелектің пішінін салу іскерлігін жетілдіру. Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:Менің отбасым**<br>**Мақсаты:**Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақсаты:Күз. Күзгі ағаштар.**<br>**Мақсаты:**Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқау. Күзгі, табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту. Табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың күзгі, әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру. Емен және үйеңкі ағашымен таныстыру. Балабақша ауласындағы емен және үйеңкі ағашының жапырақтары мен дінінің ерекшелігіне қарап басқа ағаштардан ажыратып, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | отырып, үлгісі бойынша көлемін пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып адам пішінін мүсіндеу. Заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектері иілгенге дейін сығымдау.<br>**Музыка**<br>**Музыка** | атай білуге үйрету. Ағаштардың бөліктерін тауып, атай білу дағдыларын бекіту. Өсімдіктерге арналған белгілі жағдайлардың қажеттілігін түсіну дағдыларын қалыптастыру. Ағаштардың экологияға оңды әсерін түсіндіру. |

**ҚАРАША АЙЫ 2020 ЖЫЛ**

Өтпелі тақырып: **ҚОШ КЕЛДІҢ АЛТЫН КҮЗ!**

**Мақсаты:** Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балалардың спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Спорттық ойындар мен жаттығу қимылдарын үйрету барысында балалардың белсенді қатысуы мен ынталануын қадағалау;
2. Құрдастары және ересектермен қарым-қатынас жасауда сөздік қорларын және сөйлеу мәдениетін дамыту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, ой-өрістерін кеңейту;
4. Балаларды құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **1-АПТА** | | |
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Орыс тілі (0,5)<br>«Сиқырлы суретші»<br>(вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде»<br>(вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1)<br>Құрастыру (0,5) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1)<br>Сурет салу (1)<br>Аппликация (0,5) | **«Әлеумет»** |
| **Дене шынықтыру**<br>1.**Лақтыру. (далада)**<br>**Тепе-теңдіктісақтау.**<br>Допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыруға үйрету (2 м қашықтықтан). Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұруға бекіту.<br><br>**2.Жүгіру**. **Лақтыру.**<br>Шапшаң және баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Допты екі қолымен бастан | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Күз мезгілі.**<br>**Мақсаты:**Күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, кеш келген күз.Қайрат Жұмағалиев «Күз» өлеңін жаттау. Тақпақты түсініп, есте сақтай отырып жатқа айтуға үйрету. Сөз ішіндегі дауыстыр, дауыссыз дыбыстарды анық айту. Ойындарды қолдану арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Мақсаты:**Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Күзгі ағаштар**<br>**Мақсаты:**Қарапайым табиғат бөліктерінің суретін бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Бояулармен, дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>**Аппликация** | |

| 2-АПТА | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>«Сиқырлы суретші» (вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде» (вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Матемаика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1,5)<br>Сурет салу (1)<br>Мүсіндеу (0,5) | **«Әлеумет»**<br>Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) |
| **Дене шынықтыру**<br>1.**Жүру. Футбол** (далада)<br>Жүруді басқа қимылдармен кезектестіре жүруге үйрету. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды үйрету.<br><br>**2.Еңбектеу**. **Жүру.**<br>50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету. Жүруді басқа қимылдармен кезектестіре жүруді бекіту.<br><br>**3.Тепе-теңдікті сақтау. Еңбектеу**.<br>Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруға үйрету.50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіруді бекіту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Күз сыйы.**<br>**Мақсаты:**Көкөністер мен жемістерді танып ажырату. «Ғажайып қалта» ойынын ойнату арқылы сөздерге қызығушылығы мен зейінін дамыту.Сөздік қорын байыту. Байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Көкөністер дауы**<br>**Мақсаты:**Сюжет бойынша драмалау. Коммуникативті – тілдік, ойын, артикуляциялық дағдыларын қалыптастыру. Түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**5 көлемінде санау.<br>**Мақсаты:**Теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, «Қанша еді?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Геометриялық пішіндерді (шаршы, төртбұрыш, үшбұрыш) тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Көкөніс дақылдары мен жемістер**<br>**Мақсаты:**Көкөністер мен жемістерді ажыратып, топтастыруға үйрету. Өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, оларды ажыратып,атауға үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Бақ және бақша өнімдері**<br>**Мақсаты:**Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып көкөністер-жемістердің суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына эмоционалды эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:Көңілді балалар**<br>**Мақсаты:**Адам пішінін мүсіндеуге үйрету. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:Ақпарат құралдары: телефон, компьютер, теледидар.**<br>**Мақсаты:**Телефон, компьютер, теледидардың қолданысы туралы білімдерін қалыптастыру және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелерімен таныстыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Көкөністер мен жемістердің 4-5 түрінатай білу дағдыларын бекіту. Жеміс ұрықты көкөністер (қызанақ, қияр, бұрыш), жапырақтылар (қырыққабат, салат, пияз және сарымсақ), тамыр – жемісті өсімдіктер (сәбіз, картоп, қызылша және жеміс түрлері (алма, алмұрт, жүзім, шабдалы және басқа да) туралы түсініктерін бекіту. Ағаштар мен бұталарды атауға үйрету. Қарапайым зерттеу жүргізу мен іздестіру әрекеттерін орындауға қызығушылығын тудыру. | **Музыка**<br>**Музыка** | |

| 3-АПТА | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Орыс тілі (0,5)<br>«Сиқырлы суретші» (вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде» (вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1)<br>Құрастыру (0,5) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1)<br>Сурет салу (1)<br>Аппликация (0,5) | **«Әлеумет»** |
| **Дене шынықтыру**<br>1.**Секіру. Тепе-теңдікті сақтау (далада)**<br>20–25 см биіктікке секіруге үйрету. Қолын беліне қойып, бір аяқпен тұруды бекіту.<br><br>**2.Жүгіру. Секіру.**<br>Түрлі бағытта жүгіруге үйрету.20–25 см биіктікке секіруді бекіту.<br><br>3.**Тепе-теңдікті сақтау. Жүгіру.**<br>Еденнен 20–25 см көтерілген баспалдақ тактайдан өтуге үйрету. Түрлі бағытта жүгіруді бекіту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Қырманда**<br>**Мақсаты:**Астық өнімін жинау кезіндегі адамдардың еңбегімен таныстыру. Адамдардың күзгі еңбегі туралы әңгіме жүргізу. Қойылған сұраққа дұрыс жауап беругедағдыландыру. Әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру. Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда ойындарды қолдану.Ә.Ысқақбаевтың «Бақшаны баптаймын» өлеңін жаттау.Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Кішнене бағбан**<br>**Мақсаты:**Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту.**<br>**Мақсаты:**Реттік сан есімдерді атау, «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту. Әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамыту (көру, есту, иіс сезу).<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Үй құстары**<br>**Мақсаты:**Қораз және тауық, балапан туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру. Үй құстарының сыртқы келбетіндегі ерекшеліктері туралы білімін нақтылау.<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы.Қоян**<br>**Мақсаты:**Жапырақтардан | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Алтын күз**<br>**Мақсаты:**Қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым табиғат құбылыстарын бейнелеуге машықтандыру.<br>**Аппликация**<br>**Тақырыбы:Анама көмектесемін**<br>**Мақсаты:**Банкадағы қияр мен қызанақты қиып жапсыру. Дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру.Ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеу. Желімді, сүлгіні дұрыс қолдану.<br>**Музыка** | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | таныстыруды, кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көріп, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйретуді жалғастыр.<br>**Орыс тілі** | қоян құрастыру. Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу. | | |

| 4-АПТА | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>«Сиқырлы суретші» (вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде» (вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1,5)<br>Сурет салу (1)<br>Мүсіндеу (0,5) | **«Әлеумет»**<br>Қоршаған ортамен таныстыру (0,5) |
| **Дене шынықтыру**<br>**1.Сапқа тұру. Футбол. (далада)**<br>Қатарға бір-бірден сапқа тұруға үйрету. Берілген бағытта допты домалату.<br><br>**2.Сапқа тұру. Домалату.**<br>Қатарға бір-бірден сапқа тұруға бекіту Құрсауларды домалатуға үйрету.<br><br>**3.Тепе-теңдікті сақтау. Домалату** Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұруға үйрету.<br>Құрсауларды домалатуға бекіту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:Көкөністер туралы ертегі (Т.Благовещенская)**<br>**Мақсаты:**Күз мезгілінің ерекшелігі туралы әңгіме жүргізу. Сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана білу. «Көкөністер туралы ертегі»ертегісін оқып беру. Шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру.Театрландыры лған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына балаларға түсінікті «қуыршақты жүргізу» техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:Дақылдар әні** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру.<br>**Мақсаты:** Сандарды тәртібі бойынша атауға және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:Тірі табиғат және өлі табиғат.**<br>**Мақсаты:**Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы түсініктерін бекіту. Табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту. Табиғатты бақылауда өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:Жомарт күз**<br>**Мақсаты:**Тақырыпқа байланысты өздерінің қиялы бойынша сурет салу. Дөңгелек пішінді заттарды салуды үйретуді жалғастыру. Техникалық дағдылар мен біліктерді игеру.<br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:Себеттегі көкөністер мен жемістер**<br>**Мақсаты:**Ермексаз кесектерінен түрлі тәсілдерді қолданып өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көкөністер мен жемістерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектері | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:Жануарлар дың күзгі тіршілігі.**<br>**Мақсаты:**Үй жануарлары және олардың төлдері, жабайы жануарлардыңкүз мезгіліндегі тіршілігі жайлы түсініктерін (сыртқы түрі, тіршілік ету ортасы, мекені, азығы, қысқа дайындығы) кеңейту. Үй және дала құстары, қыстап қалатын және жыл құстары туралы білімдерін, оларды ажыратып, атай білулерін қалыптастыру. Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **(Ә.Табылдиев)**<br>**Мақсаты:** Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу, түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау дағдыларын қалыптастыру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру, оны адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау. | Табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесін үйрету. | ілгенге дейін сығымдау.<br>**Музыка**<br>**Музыка** | |

**ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ 2020 ЖЫЛ**

Өтпелі тақырып: **«МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!»**

**Мақсаты:** Балаларды халық ауыз әдебиетіне баулу арқылы Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге және патриотизмге тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Дене қасиеттерін қалыптастыру, ептілік қозғалыстарын үйлестіру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу;
2. Ұлттық дәстүрлерге негізделген құндылықтар арқылы шығармашылықпен сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын молайту;
3. Эстетикалық талғамдарын қалыптастыра отырып, қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға, оны құрметтеуге үйрету;
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу.

| 1-АПТА | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру (3) | **«Қатынас»**<br>Көркем әдебиет (1)<br>Сөйлеуді дамыту (1)<br>Орыс тілі (0,5)<br>«Сиқырлы суретші» (вариативтік компонент)<br>«Ертегілер әлемінде» (вариативтік компонент) | **«Таным»**<br>Математика негіздері (1)<br>Жаратылыстану (1)<br>Құрастыру (0,5) | **«Шығармашылық»**<br>Музыка (1)<br>Сурет салу (1)<br>Аппликация (0,5) | **«Әлеумет»** |
